

Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобильдерді өткізу мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 682 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобильдерді кедендік декларациялау кезінде осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай ставкалары төленеді.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010

жылғы

1

шілдедегі

№

682

қаулысына

1-қосымша

Жеке тұлғалар жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобильдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде төлеуі тиіс кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай ставкалары

1. Жеке тұлғалар жеңіл автомобильдерді бастапқы әкелген кезде кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай ставкасы мыналарды құрайды: шығарылған сәтінен бастап 3 жыл өткен, бірақ 10 жылдан көп емес жеңіл автомобильдер бойынша:

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1500 см^3 -ден аспайтын - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 0,35 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1500 см^3 -ден асатын, бірақ 3000 см^3 -ден көп емес - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 0,4 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 3000 см^3 -ден асатын - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 0,6 евро.

2. Күнтізбелік жыл ішінде кедендік декларациялауға жеке пайдалану үшін сатып

алынған екі және одан көп автомобиль берілген кезде кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай ставкасы мыналарды құрайды:

1) шығарылған сәтінен бастап 3 жыл өткен, бірақ 7 жылдан көп емес жеңіл автомобильдер бойынша:

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1000 см^3 -ден аспайтын - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 0,85 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1000 см^3 -ден асатын, бірақ 1500 см^3 -ден көп емес - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 1 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1500 см^3 -ден асатын, бірақ 1800 см^3 -ден көп емес - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 1,5 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1800 см^3 -ден асатын, бірақ 3000 см^3 -ден көп емес - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 2 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 3000 см^3 -ден асатын - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 2,25 евро;

2) шығарылған сәтінен бастап 7 жыл өткен, бірақ 10 жылдан көп емес жеңіл автомобильдер бойынша:

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 3000 см^3 -ден аспайтын - қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің 1 см^3 үшін 2 евро;

қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 3000 см^3 -ден асатын қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемінің см^3 үшін 3 евро.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1

ш і л д е д е г і

№

6 8 2

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 217 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 1 2 , 1 2 1 - қ ұ ж а т) .

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 217 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 750 қаулысы (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 32, 353-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы № 532 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 28, 277 - қ ұ ж а т) .

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1330 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 48 , 547-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК